## Дөңгелек үстел 10



29.09.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімі және тарих пәнінің оқытушы А.С.Байбосынованың ұйымдастыруымен «Емдеу ісі» бөлімінің 117 топ студенттері арасында «Мәдениет – рухани жаңғырудың, ұлттық кодтың негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел қонақтары: Тәрбие жұмысының меңгерушісі Ж.Н.Айдабосынова , психолог маман Божбанбаева А.М.

## Құқық бұзушылықты алдын алу 11



03.09.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ аға инспекторы, полиция майоры Д. Махановтың «Жол ережесі», «Есірткінің алдын алу» тақырыптарында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



10.09.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ аға инспекторы, полиция майоры Д. Маханов және Жамбыл облысы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыру және бақылау бөлімінің аға инспекторы Т.Ә. Тұрдалы «Қылмыссыз кемел келешек» тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



17.09.2021 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен ҚБАЖ меңгерушісі Р.Б.Усенов және АӘжТД пәнінің оқытушысы Ж.Б.Бегалиев колледж қабырғасына тыйым салынған заттарға рейд жасап, кесетін және өткір заттар-пышақ, бәкі, тез жанатын, жарылғыш және т.б. заттарды өзімен әкелмеу, қолданбау, қымбат бағалы бұйымдар (алтын әшекейлі және т.б.) колледж студенттеріне дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

## Құттықтаймыз!!! 12



Колледжде өткен "WorldSkills Jamdyl-2021" облыстық «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзіреттілігі чемпионатына «Мейіргер ісі» бөлімі 404 топ студенті М.Лесқалиев, "Мейіргер ісі" бөлімі 401 топ студенті Н.Қалдыбаева қатысып, жүлделі I және II орындарға ие болды. Сондай-ақ, чемпионатты өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсене қатысқаны үшін колледж ұжымы, «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы С.С.Тұрғынбекова мен «Хирургия» пәнінің оқытушысы А.М.Даулетов Алғыс хаттармен марапатталды.






«Жамбыл облысының іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ Жамбыл облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен "Менің отбасылық демалысым" атты бейнероликтер байқауына, «Мейіргер ісі» бөлімінің 201 топ студенті А. Оразбек қатысып, жүлделі I орынға ие болды. Диплом және 35000 тенге Сертификатымен марапатталды. Жетекшісі: тарих пәнінің оқытушысы Г.Ж. Иманалиева.



«Жамбыл-Адалдық алаңы» жобалық офисінің ұйымдастыруымен облыстық «Кім тапқыр» интеллектуалды ойынына колледждің 306 топ студенттері Ф.Амантаева, Ш.Орынбай, 304 топ студенті Р.Есенелиева қатысып, I Дәрежелі Дипломмен мараппатталды.




М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жастар ісі жөніндегі комитеті жанындағы «Мәңгілік ел мұрасы» әдеби ұйымының ұйымдастыруымен Тілдер мерекесіне орай өткізілген «Тіл тұғыры - ел тұғыры» атты пікірсайыс турниріне, колледждің 201 топ студенті А.Мейірхан және 214 топ студенті А.Өмірғали қатысып, жүлделі I орынға ие болды.

№1 5 қыркүйек
2021 жыл сейсенбі

# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ




## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясына 27 жыл 1
ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың жолдауы 2
Көрме 3
Жас мамандар отырысы 4
“WorldSkills Jambyl-2021” облыстық байқау 5
Отбасы күніне кездесу 6
1 қазан - Халықаралық қарттар күні 7
“Ұстаздық ұлы қызмет” 8
Кездесу 9
Дөңгелек үстел 10
Құқық бұзушылықтың алдын алу 11
Құттықтаулар !!! 12







Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі.
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: https://hmc.zhambyl.kz
Колледж әлеуметтік желілері: https://www.facebook.com/pzhmk https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№1 5 қыркүйек 2021 жыл сейсенбі

## Қазақстан Республикасының Конституциясына 27 жыл 1



27.08.2021 ж. Колледжде Қазақстан Республикасының Конституциясына 27 жылдығына орай, «Қазақстан Республикасы Конституциясы теория және заманауи тәжірибе» «Ата заң-елдігімнің еңсесі» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Колледждің қызметкерлері мен оқытушылары ғылыми-тәжірибелік конференцияға онлайн режимінде қатысты. Конференцияның мақсаты: Қазақстан Республикасының конституциялық заңдардың қағидаларын тұжырымдау, Қазақ қоғамы тарихындағы Конституциялардың ерекшеліктерін аңғарту, Қазақстан Республикасының Конституциясы жетістіктеріне тоқталды.

## ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2



01.09.2021 ж. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын колледж қызметкерлері тікелей эфирден көріп, өз ойларымен бөлісті.



02.09.2021 ж. №1 әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндерінің оқытушылары Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын студенттер арасында насихат жұмыстарын жүргізді.

## Көрме 3



17.09.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімі мен Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 2021-2022 оқу жылында қабылданған студенттермен полиция департамент мұражайына саяхат жасады.

## Жас мамандар отырысы 4





20.09.2021 ж. Колледжде 2021-2022 оқу жылында келген жас мамандарға арналған «Жас мамандарды кәсіптік бейімдеу» тақырыбында әдістемелік мектеп отырысы өтті. Жас мамандар мектебінің отырысы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында өткізілді. Күн тәртібінде: Жас мамандарға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу. Жауапты: Мейрманова Л.Қ. Жас оқытушылармен, жаңадан келген оқытушылармен танысу және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Жас оқытушының жұмыс орнына кәсіптік бейімделуі. Оқытушыға қойылатын талаптар. Жауапты: Коконбаева А.Қ. Колледждің нормативтік актілері мен нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру. Педагогика қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар.Топ журналдарын рәсімдеу бойынша кеңес. Жауапты: Шужеева Ж.Л. Тестілеу мониторингінің жұмысымен танысу. Жауапты: Мұраталиева Н.М. Білім беру мазмұны: Күнтізбелік жоспарларды және жұмыс бағдарламасын құрастыру ережесі, Сабақ жоспарларын жазу үлгісі. Сабақтың үш бірдей дидактикалық мақсаттылығы. Жауапты: Әдіскерлер.
6. «Жас мамандармен танысу» психологиялық тренинг. Жауапты: Божбанова А.М.

## "WorldSkills Jambul-2021" облыстық байқау 5

24.09.2021ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен Жамбыл жоғары медициналық колледжі бірлесіп, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына» орай техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері арасында «WorldSkills Jamdyl-2021» облыстық «Медициналық және әлеуметтік күтім» құзіреттілігі бойынша чемпионатын ұйымдастырды. Чемпионатқа Жамбыл жоғары медициналық колледж студенттері мен «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледж студенттері қатысты.





## «Отбасы күніне» кездесу 6



23.09.2021 ж. Колледжінің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Отбасы күніне» орай «Отбасы құндылықтары - өскелең ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі» тақырыбында Pulse TV телестудиясында кездесу өтті. Кездесу қонақтары: Дәрігерлер династиясы Саурбаевтар отбасы, Т.Қ.Саурбаев және жұбайы Р.Б.Саурбаева, Жамбыл облысы «Іскер әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Е.С.Бало, Облыстық «Мерейлі отбасы» байқауының III орын иегері, Меркі ауданының тұрғыны А.Н.Аубакирова.

## 1-қазан Халықаралық қарттар күні 7



29.09.2021 ж. Колледжде тәрбие бөлімі және №3 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Н.Ж.Шайжанованың ұйымдастыруымен 1-қазан Халықаралық қарттар күніне арналған «Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария!» атты кездесу өтті. Кеш қонақтары: 40 жыл білім саласында еңбек еткен ұстаз К.А.Ақназаров, зейнеткер Б.Ж.Нұрмаханбетова.





30.09.2021ж. 1 қазан «Қарттар күніне» орай, колледж директоры Ж.Н. Сарыбекованың қатысуымен заманауи үлгідегі асхананың ашылу рәсімі өтті. Қырғыстан Республикасы «Мейіргер ісі» мамандығының Ассоциациясы, мейіргер ісі бағдарламасының координаторы А.Т.Султангазиева мен колледждің ардагер ұстазы, Тараз қаласы мен Байзақ ауданының Құрметті Азаматы С.Қ.Қоңырова асхананың салтанатты түрде лентасын қиды. «№1 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері» ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен колледждің ардагер ұстаздарына арналған «Өр десек те сіздерді,- лайықсыздар. Төр десек те сіздерді,- лайықсыздар!» тақырыбында салтанатты іс-шара өтті. Іс-шара соңында колледждің Бастауыш кәсіподақ ұйымының атынан ардагер ұстаздарға сыйлықтар тарту етті.

## Ұстаздық ұлы қызмет 8



01.10.2021 ж. Колледжде Ұстаздар күні мерекесіне орай №1 жалпы кәсіптік ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Ұстаздық ұлы қызмет» тақырыбында концерттік кеш өтті. Кеш соңында колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова құттықтау сөздерін жеткізіп, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М.Мураталиева ұстаздарға сыйлық тарту етті.

## Кездесу 9



15.09.2021ж. Колледжде Тәуелсіз елімізде өмір сүріп жатқан ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту, мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру мақсатында №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары азаматтық - патриоттық бағыты бойынша 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тіл халықтың - қазынасы» атты кездесу өтті. Кездесу барысында колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова Қазақстан халқы тілдері күнімен құттықтап, 1,2 курс студенттері өз ана тілінде өлең оқып, ән айтып, өнерлерін көрсетті, келген қонақтармен сұхбаттасты. Кеш қонақтары: Жамбыл облысы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы М.С.Миражапарова, «Қамқор жүрек» қоғамдық қорының құрылтайшысы Виктория Шорбану, Жамбыл ТВ телеарнасының тілшісі М.Б.Алеханова.



21.09.2021ж. Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» мемлекттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігі, Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру жобасы аясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру-өзекті мәселе» тақырыбында колледж студенттерімен диалогтық алаң өткізілді. Іс-шара спикерлері: ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы әс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің алдын алу және парасаттылық басқармасының бас маманы А.И.Ажибаев. «Нығмет Нұры» қоғамдық бірлестігінің басшысы Ш.Б.Сүйімқұл. «Азамттардың құқығын қорғау комитеті» қоғамдық бірлестігінің президенті И.Г.Федорова. «Жамбыл облысы Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар қауымдастығының заңгері А.Ю.Зайнутдинов.